



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№22 (930) Сәрсенбі 4 маусым 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

Ту

Күнді күшқан қас қыран,
Аясында қалқыған
Аспан түсті туым бар
Көк теңіздей шалқыған.

Көкірек жауар
шымқай өң,
Көрген жерден елітер,
Көркем өрнек, кең көңіл
Көл пейілге кенелтер.

Елдігімді әлемге
Паш ететін байрағым,
Тұнық менің көгімдей
Әуемде мәңгі жайнаған!

Бақытбек БӘМІШҰЛЫ

КӨК ТУҒА ҚҰРМЕТ — ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды.
Бүгінде өзінің оқырмандары асыға
күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға
2025 жылдың II жартыжылдығына
жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар: 8(7242)
27-85-75; 8-7059827661,
8 777 752 54 63.



ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықбек Есдәулеттің «Сыр мен жыр» атты шығармашылық кеші өтті. Кешті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, өнерсүйер қауым тамашалады.

Аймақ басшысы қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақынның шығармашылығына, бүгінгі кештің рухани маңыздылығына тоқталды.

«Биыл наурыз айында Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз. Бүгінгі шығармашылық кеш – осы атаулы датаға арналған шаралардың бірегейі. Ойлы да сыршыл, қиялы ұшқыр, лирик ақын Ұлықбек Есдәулет – тарих тереңіне бойлап, тамырын қаламмен аршып, ұлт мұрасын биік көтерген ерекше дарын иесі. Сізді Сыр төріндегі шығармашылық кешіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Қаламыңыздан қуат кетпесін! Шабытыңыз шарықтай бергей! Деніңізге саулық, отбасыңызға құт-береке, амандық тілеймін!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кеште ақынның сөзіне жазылған танымал әндер орындалды. Олардың арасында Т.Мұхамеджановтың «Ақ желкен», «Беу, балалық» және И.Крутойдың «Ақ бесік» туындылары өнерсүйер қауымның көңілінен шықты. Қызылорда облысының құрметті азаматы, ақын Шәкізата Әбдікәрімов және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Ерлан Жүніс ақынға жылы лебіздерін білдірді.

«ҚАЗПОШТА» АҚ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ЖАҢА БАСШЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда «Қазпошта» акционерлік қоғамы төрағасының бұйрығымен Қызылорда облыстық филиалы директоры қызметіне тағайындалған Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы таныстырылды.



Осыған дейін «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры лауазымын атқарып келген Кенжебаев Ғалымжан Арыстанбекұлы Ұлытау облыстық филиалының директоры қызметіне ауысты.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, халыққа қызмет көрсету сапасын одан әрі арттыруды, аудандар мен ауылдарда пошталық, қаржылық және логистикалық қызметтерді тиімді іске асыруды тапсырды.


Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы

1972 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік басқару академиясында «Экономист» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 1995 жылы жылу-электр орталығында бухгалтер ретінде бастаған. Әр жылдары жеке серіктестіктерде, «Қазпошта», «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамдарында жауапты қызметтер атқарған. 2018 жылдан осы күнге дейін «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары қызметінде болған.

ҰБТ-ДАН 131 БАЛЛ ЖИНАДЫ

Жалағаш ауданындағы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі Сүлеймен Жанель Жомартқызы ұстаздарының бағдары мен өзінің тыңғылықты дайындығының арқасында ҰБТ-дан 131 ұпай жинады.

Ол қазақ тілі пәнін таңдаған «Алтын белгі» иегері. Қ.О.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен I орын, республикалық кезеңінен III орын, «Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінен III орын иегері.



ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ТАБЫСТАЛДЫ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталды. Салтанатты шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбен, Мұрат Ерғешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев пен «Саутс Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жаңа ғимаратта өнерлі жастар тәрбиелене беруіне тілек білдірді. Аймақ басшысы өнер қайраткерлерінің лайықты ізін жалғайтын өнер ордасының Сыр мәдениетінің қарашаңырағына айналғанын атап өтті.

«Елу жылға жуық тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыды. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын. Күн сайын

жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледжінің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейтжанұлына барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа нысан баршамызға құтты болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада Серікжан Сейтжанов пен Руслан Рүстемов жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді. Айта кетейік, Президентіміздің «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар бұл бастаманы қолдап, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда. Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 55 млрд. теңгеден астам қаржыға



жаңа жобалар жүзеге асып келеді. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы ашылды. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» 16 млрд.600 млн. теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4 млрд. 300 млн теңге қаржы бөлінді. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығы», «ҚазМұнайГаз» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» салынып, ел игілігіне қызмет етуде. Жеке инвесторлардың, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының қолдауымен теміржол вокзалына күрделі жөндеу жүргізілді.

Биыл «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының қолдауымен барлық аудандағы теміржол

вокзалдары күрделі жөндеуден өтуде. Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен «Анаға тағзым» орталығы салынып пайдалануға берілді. Президентіміз жариялаған «Балалар жылы» аясында жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен облысымызда 80 спорт-ойын алаңы салынды. Демеушілердің қолдауымен 50-ден астам үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды, аулалар абаттандырылып, заманауи спорт алаңдары, тротуарлар, жарық бағаналары жаңартылды. Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған Орталық алаң жерлесіміз Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен жаңғыртудан өтті. Демеушілікпен Жанакорған ауданында заманауи «Еңбекшілер парк» бой көтерді. Осындай абаттандыру жұмыстары барлық аудан орталықтарында, ауылдарда да жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жүргізілуде. Демеушілер есебінен Арал ауданы, Токабай ауылындағы апаттық мектептің орнына құны 500 млн. теңге болатын мектеп салынды. Қызылорданың Түркістан облысымен шекарасында кіреберіс қақта ашылды. Жакында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қолдауымен денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатом-өнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен жаңадан «Достық үйі» бой көтеруде.



МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралықтағы 6,7 шақырымдық даңғыл бойында қызу жұмыс басталған болатын. Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайту да қатар жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 6 млрд 656 млн теңге, қажетті қаржы толық бөлініп, қазіргі таңда оның 4 млрд теңгесі игерілді. Құрылыс жұмыстарын «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқаруда.

Қайта жаңғырту жұмыстары аясында жолдың негізі қанатталып, асфальт төселді. Сырдария өзені бойындағы 1,4 шақырым қорғаныс бөгеті толықтай тазартылып, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды. Бұған қоса, бұрынғы екі жолақ жол төрт жолақты болып кеңейтіліп, ені 14 метрге дейін ұлғайтылды.

Жол бойында 8 балалар

ойын алаңы мен спорттық құрал-жабдықтар орнатылып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалды. Жағалау аймағы абаттандырылып, серуендеуге қолайлы инфрақұрылым орнатылды. Даңғыл тек инженерлік тұрғыдан ғана емес, эстетикалық жағынан да жаңарды. Жол жиегі түрлі-түсті бояулармен көмкеріліп, көз тартарлық суреттермен безендірілген. Әрі қарай даңғылдың жалғасы ретінде Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін 2,9 шақырым жаңа жол салу көзделген. Бұл бағытта да өзен бойындағы қорғаныс бөгеті күшейтіледі. Жобаға 5,3 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС қолға алған. Мұнда да төрт жолақты автожолмен қатар, ені 3 метрлік жаяу жүргіншілер жолы салынады.



ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қызылорда қаласы және 7 аудан орталығында «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы ұйымдастырылды. Мақсат – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету.

Іс-шараға құқық қорғау және мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті атқарушы, сонымен қатар, жеке нотариустар, сот орындаушылар, заңгерлер мен адвокаттардан құралған 50-ге жуық кеңесші маман қатысты. Шара барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Қ.Ахметқалиев мұндай іс-шараларды өткізу азаматтардың құқықтық санасын дамытуға мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, сондай-ақ қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Шара барысында мамандар 500-ден астам азаматқа кеңес берді.

Сарапшылар неке-отбасы, мұрагерлік, тұрғын үй, еңбек, азаматтық құқық, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, сот жолын қорындау, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, несие, жем құрылыстары, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық және тағы басқа салаларға қатысты көптеген сұрақтарға жауап берді. Акция алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған жағдайда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 1424 call орталығына немесе Департаменттің 8 (7242) 230690 кезекші телефонына қонырау шалуға болады.



ЖАҢА БІЛІМ ОРДАСЫ АШЫЛДЫ



Қызылордада физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатының ашылу рәсімі өтті. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте арнайы қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтады.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті», - деген болатын. Еліміздің болашағы жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беру

бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд. 600 млн. теңгені құрап, 32 пайызға арты. Біздің ең бірінші міндетіміз - балаларымыздың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық мектептер мәселесі

түбегейлі шешімін тапты. Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды», - деп атап өткендей, жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі

жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Іс-шарада академик, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Серкүлұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абдуламитұлы, Мұрат Бақтиярұлы құттықтау сөз сөйледі. Физика-математика лицей-интернатының құрылысын сапалы жүргізген құрылысшылар мен білім саласы қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айта кету керек, Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мың орындық 6 мектеп ел игілігіне берілді. Тағы 4 мектеп биыл жаңа оқу жылында іске қосылады.





4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Ту, Елтаңба және Әнұран - еліміздің егемендігі мен ұлттық бірегейлігін білдіретін аса маңызды нышандар. Олардың тарихы - Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалыптасу жолындағы саяси және рухани дамуының көрінісі. Қазақстан 1991 жылы Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, жас мемлекетке өзінің дербес рәміздерін жасау қажеттігі туындады. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран туралы арнайы қаулы қабылдап, олар ресми түрде бекітілді. Бұл күн еліміздің тарихындағы маңызды белес болды және кейінірек Мемлекеттік рәміздер күні ретінде белгіленді.

Қазіргі Тудың авторы - белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Тудың негізгі түсі – көгілдір (ашық көк), ол бейбітшілікті, ашық аспанды және түркі халықтарына тән еркіндік ұғымын білдіреді. Тудың ортасында күн бейнесі мен оның астында қыран құс (бүркіт) бейнеленген. Бұл - жарқын болашаққа ұмтылу мен еркіндіктің символы. Ал сол жағында орналасқан ұлттық өрнек - қазақ халқының мәдени-рухани мұрасын танытады.

Мемлекеттік Елтаңба байқауына 245 жоба ұсынылған. Соның ішінен Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов әзірлеген нұсқа таңдалды. Елтаңбаның жүрегінде шанырақ бейнеленген - бұл отбасының, бірліктің, мемлекеттіліктің символы. Оны уықтар қоршап тұр, олар қоғамның тұрақтылығын білдіреді. Екі жағында қанатты тұлпарлар бейнеленген. Бұл - халықтың арман-мұратын, қиялын білдіретін мифологиялық бейне. Жоғарғы жағында жұлдыз, төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» жазуы орналасқан. Елтаңба - қазақ халқының дүниетанымын, тарихын және болашаққа деген

сенімін көрсететін күрделі әрі терең мазмұнды нышан.

1992 жылы қабылданған алғашқы Мемлекеттік Әнұранның музыкасы Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамидиге тиесілі болатын. Ал мәтініне бірнеше ақын атсалысқан. Дегенмен халық арасында кеңінен таралған, рухты көтеретін «Менің Қазақстаным» әні 2006 жылы Әнұран ретінде жаңартылып бекітілді. Әннің авторы - композитор Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазған - Жүмекен Нәжімеденов. Тәуелсіздік дәуірінде мәтінге Нұрсұлтан Назарбаев түзетулер енгізіп, әнұранның ресми мәтіні сол күйде қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Мемлекеттік рәміздер туралы» заңда рәміздерге қатысты нақты нормалар бекітілген. Әр азамат оларды құрметтеуге, дұрыс қолдануға міндетті. Туды немесе Әнұранды бұрмалау - заңмен жазаланатын құқықбұзушылық. ҚР Қылмыстық кодекстің 372-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын немесе Мемлекеттік Әнұранын қорлау - қылмыс болып саналады.

ГАЗ ШАРУАШАЛЫҒЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ

«Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтар № 532-IV Қазақстан Республикасы Заңының 28 бабы 5 тармағына сәйкес, газ толтыру станциялары мен газ толтыру пункттерінің иелері тұрмыстық баллондардың жарамды техникалық күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарының 129 тармақшасына сәйкес, газ құю станциясында автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыруға жол берілмейді.

Резервуарлардың ең жоғарғы толтыру деңгейі резервуардың геометриялық сыйымдылығының 85 %-на сәйкес келеді. Сұйылтылған мұнай газ толтырылғаннан кейін баллондардың толтырылу дәрежесі соңғы

тексеруден өтеді. 27 және 30 литрлік баллондарда – 100 грамнан аспайтын ауытқуды қамтамасыз ететін таразы қолданылады. Бұл талаптар газ толтыру станциялары мен газ толтыру пункттерінде сақталады.

Жоғарыда аталған талаптарды орындамау адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Сұйытылған мұнай газын тұрмыстық баллондарға құюға газ толтыру станциялары мен газ толтыру пункттерінде ғана жарамды баллондарды толтыруға жол берілетіндігін естеріңізге саламыз. Қауіпсіздік шараларын сақтайық, ағайын!

М.АЙТИМОВА,
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің бас маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қоғамдағы әйелдердің құқықтық сауатын арттыру, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа мүлдем тәубезушілік мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Анаға тағзым» орталығында «Әйел және әділ қоғам: заң, тәртіп, тәрбие» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға өңірлік Антикор басшысы Қ.Ахметқалиев, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.Байманов, құқық қорғау орган өкілдері, мемлекеттік қызмет саласында жүрген әйел азаматтары және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Шарада Қ.Ахметқалиев Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған «заң мен тәртіп» идеологиясының қоғам өміріндегі маңызын атап өтті. Сонымен қатар, қоғамдағы әйел адамдардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтар туралы айтылды. Айта кету керек, соңғы ақпараттарға сәйкес жыл сайын орта есеппен сотты болатын 40 мың адамның 5 мыңы, яғни 12,5%-ын әйел адамдар құрайды.

Шара соңында қатысушылар құқықтық сауаттылықты арттыру мен әйелдердің қоғамдағы белсенді рөлін қолдау бағытында осындай іс-шараларды жиі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

ҒАРЫШ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

Байқоңыр қаласының 70 жылдық мерейтойы аясында қалада ерекше тарихи-мәдени нысан – ашық аспан астындағы мұражай ашылды. Бұл – ғарыш саласындағы ұлы жетістіктер мен техникалық дамудың нақты үлгілерін көзбен көріп, тарихпен тірі байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бірегей орын.

Мұражай экспозициясы кең аумақта орналасқан. Мұнда әр түрлі кезеңдерге тиесілі зымырандар, ғарыштық техника үлгілері, жерүсті басқару кешендерінің бөлшектері, тіпті нақты тарихи миссияларға



қатысқан құрылғылар да қойылған. Барлығы – Байқоңырдың бай тарихын жан-жақты көрсетіп,

оның әлемдік ғарыш кеңістігіндегі орнын айқындайды. Бұл жай ғана техника

көрмесі емес – әр экспонаттың артында адамдардың ерен еңбегі, инженерлік жаңалықтар мен бағыт шешімдер жатыр. Музейге келген әрбір қонақ осы атмосфераны сезініп, Байқоңырдың шынайы рухын түйсіне алады.

Ашық аспан астындағы мұражай – бұл ғылым мен технологияны дәріптеп қана қоймай, жас ұрпаққа шабыт сыйлайтын, тарих пен болашақтың арасындағы алтын көпір. Ғарышқа ұмтылған адамзат арманын көзбен көруге, жанмен сезінуге мүмкіндік беретін ерекше мәдени кеңістік.

«Ел тілегі» ақпарат

КӨРКЕМДІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудандық деңгейдегі мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен мазмұндық үйлестіруді көздейтін көркемдік кеңестің кезекті отырысы өтті.

Жиында аудан әкімінің орынбасары, кеңес жетекшісі Н.Бохаев маусым айындағы маңызды мерекелер мен жоспарланып отырған шаралардың аудан халқы үшін маңыздылығын атап өтіп, дайындық барысын бағамдады. Атап айтқанда, 4 маусым – Мемлекеттік Рәміздер күні, 19 маусым – Медицина қызметкерлері

күні, 23 маусым – Полиция және мемлекеттік қызметшілер күні, сондай-ақ, 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай өтетін мәдени іс-шаралар легі нақтыланды.

Сонымен қатар, жиын аясында аудан орталығында құрылысы жүріп жатқан «Руханият» орталығының

ашылу салтанатына дайындық барысы қаралды.

Кеңес мүшелері орталықтың ашылуын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қатысты өз ұсыныстарын білдіріп, салтанатты шарада ұлттық болмыс пен заманауи рухани құндылықтардың үндесуіне баса мән берілу қажеттігін атап өтті.

Кеңес отырысында көтерілген барлық ұсыныстар мен бастамалар зерделеніп, аудан әкімінің қарауына ұсынылатын болады.

ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ



Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығындағы балаларға арналған жазғы тынығу лагерінің ашылуы өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Н. Бохаев қатысып: «Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Міне, тағы бір оқу жылы аяқталып, асыға күткен жайдары жаз мезгілі де келіп жетті. Жадыраған жазғы демалыс – барлық балалардың сағына күтетін айрықша сәті. Жазғы демалыстарыңыздың әрбір күнінің естен кетпестей қызықты сәттерге толы болуына

тілектеспін. Тынығу лагерінде жаңа достар тауып, ауызбіршілік пен ынтымақтың ұйытқысы бола біліңіздер. Дендерін сау, оқуда озағ болыңыздыр!», – деп жылы лебізін жеткізді.

Сонымен бірге, аудандық аудандық мәслихат төрағасы Б. Төреәхметов пен аудандық білім бөлімінің басшысы С. Жанназарова қатысып, балалардың қызықты демалыс өткізуіне тілектестік білдірді. Салтанатты кеште орталық

тәрбиеленушілері өз өнерлерін ортаға салып, мыңбұрылған бишілер мен жезандай әншілер көрермендер көзайымына айналды. Лагердің алғашқы легіне келген тынығушылар кешкілік алау отын тұтандырып, естеліктерімен бөлісті. Мерекенің соңы әсерлі от шашумен аяқталды. Атап өтейік, «Қамбаш» жазғы тынығу лагері биылғы жылы 7 ауысын бойынша 1000-нан астам баланы жазғы демалыспен қамтиды. Ал бүгінгі тынығу лагерінің алғашқы ауысымына 130 бала қабылданды.

Арал ауданы

ҚЫЗЫЛОРДАДА 600-ДЕН АСТАМ МОПЕД ТІРКЕЛДІ

5 сәуірден бастап елімізде тіркелмеген мопедтерді пайдалануға, жүргізуші куәлігінсіз жүруге тыйым салынды. Соған қарамастан Қызылорда облысында қос дөңгелекті көлікті тіркеусіз, сақтандырусыз және жүргізуші куәлігінсіз басқару дерегі тыйыммай тұр.

Облыстық Полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, өңірде жыл басынан бері 12 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Оның басым бөлігі жол қозғалысы кезіндегі талапты сақтамағаннан, жолда жүру ережесін бұзғаннан болып отыр.

– 5 сәуірден бастап мопедтер механикалық көлік құралына теңестірілді. Содан бері мопед пайдалануға тек полицияда тіркелген, А1, А және В санатындағы жүргізуші куәлігі, техникалық тексеруден өткен және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Заң күшіне енгелі көмелетке толмағандар арасында мопед тізгіндеу жағдайы азайды, – деді департаменттің Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Нұркен Бақтыяров.

Заң талабы күшейген соң облыс көлемінде 600-ден астам мопед тіркелді. Қос дөңгелекті көлікті тіркеусіз басқарғандарға Әкімшілік кодекстің 590-бабының 2-бөлігі негізінде 60, жүргізуші куәлігінсіз басқарғандарға 612-бабының 2-бөлігімен 62 әкімшілік шара қолданылды.

– 16-17 жасқа толмағандар мопедті жүргізуші куәлігінсіз басқарған жағдайда Әкімшілік кодекстің 612-бабының 2-бөлігіне сәйкес 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Ал 16 жасқа толмаған жасөспірімдердің ата-анасына Әкімшілік кодекстің 127-бабының 1-бөлігімен 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады, – деді Нұркен Бақтыяров.



РЕСЕЙГЕ БАРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

30 маусымнан бастап Ресейге баруды жоспарлаған шетел азаматтары елге кірмей тұрып кемінде 3 тәулік бұрын (72 сағат) электронды түрде сапарының мақсаты жайлы өтініш толтыруы тиіс. Бұл туралы Ресей ІІМ ресми өкілі Ирина Волк мәлімдеді.

Жаңа талап primarily визасыз режиммен кіретін шетелдіктерге қатысты болады. Сонымен қатар, көмелетке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз азаматтардың заңды өкілдері де осы ережеге бағынуы қажет.

– 30 маусымнан бастап Ресейге визасыз режиммен кіретін шетел азаматтары, оның ішінде көмелетке толмағандардың және әрекетке қабілетсіз тұлғалардың өкілдері, жоспарланған сапарға дейін 72 сағаттан кешіктірмей электронды өтініш толтыруы тиіс, – деп жазды Ирина Волк өзінің Telegram-арнасында.

Егер Ресейге шұғыл бару қажет болса, өтінішті сапарға дейін кем дегенде 4 сағат бұрын толтыруға рұқсат етіледі. Бірақ мұндай жағдайда сапардың шұғылдығын дәлелдейтін құжаттарды қоса ұсыну қажет болады. Бұл шара Ресей үкіметінің қаулысымен бекітілген. Бұған дейін қазақстандықтар Ресейге кірген кезде саусақ іздерін тапсыруға міндетті болатынын хабарлаған едік. Бұл ереже де 30 маусымнан бастап күшіне енеді. Енді көрші елге бару үшін кемінде 72 сағат бұрын RuID платформасы арқылы электронды өтінім беру және бірегей QR-код алу қажет.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ МҮСІНІ ҰРЛАНДЫ

Франция астанасы Париждегі белгілі Гревен музейінен Франция президенті Эммануэль Макронның балауыздан жасалған мүсіні ұрланды

Оқиға Париждің 9-округінде орналасқан музейде танертен болған. Музейде әйгілі тұлғалардың балауыз мүсіндері қойылған. Қылмыскерлер – екі әйел мен бір ер адам – танертен музейге кіріп, Макронның мүсінін алып кеткен. Олар өзін музей қызметкерлері етіп көрсетіпті. Greepase экологиялық ұйымының мүшелері болуы мүмкін деген болжам бар. Ұрылар мүсінді матаға орап, музейдің қосалқы есігі арқылы сыртқа шығарған. Мүсіннің құны шамамен 40 мың еуроға бағаланады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Рахымшаева Загира Байқоңыровнаға СССР-дің 50 жылдығы атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінен (қазіргі Ж.Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті) берілген МВ №124360 дипломы, тіркелген №543, тіркелген күні 1986 жылдың 19 маусым жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Ата иісі



Ата-аналар жиналысы дегенді кім ойлап тапты екен? Кім де болса Саматтың мінін жұртқа бадырайтып көрсету үшін ойлап тапқан сияқты. Оқу үлгерімі, тәртіп жағынан кемшілік болып қуыстанып тұрған жоқ. Мәселе мүлде басқада. Сол күні өзге балалардың әкелері бірінен кейін бірі тізіліп келеді де, міне, бізді көрдің бе дегендей кішкентай партаға әрең сиып, кеуделерін керіп отыра қалады. Саматтың ғана шешесі келеді. «Әкесі қайда?» деп ешкім айтпаса да іштей бәрі де сезетін сияқты. Соны ойлағанда өзі жақсы көретін қыз Сымбат жаққа қарай алмай беті дуылдап ысып кетеді. «Шешесінен басқа ешкімі жоқ деп ойлайды-ау» деп қорынады. «Менің әкем бар!» деп айтқысы келеді. Бірақ еш болмаса анда-санда төбе көрсетпегеннен кейін оған кім сенеді? Иә, ешкім де сене қоймайды. Енді Саматтың, әкесі бар балаларға қызыққаннан басқа амалы жоқ.

Әкесі жоқ екенін біліп кейбір балалар мұны басынатын да сияқты. Бүгін күрес үйірмесінде жаттықтырушы бұны суканы сүймейтін Әміржанмен күрестірді. Самат оның жауырынын үш рет жер иіскетті. Соған ызыланған ол сасық күзенше сақылдап, сұқ саусағын шошайтты:

– Сен жетімсің! – деді.
– Жоқ, мен жетім емеспін, әкем бар! – деп шар ете түсті бұл.
– Әкең болса неге ата-аналар жиналысына келмейді? – деді ол ұрымтал тұстан ұстап.
– Ол ылғи да іссапарда жүреді, сондықтан да сәті түспейді, әйтпесе келер еді, – деді Самат оңайлықпен жеңілгісі келмей.
– Өтірік соғып тұрсың, – деді ол бұған сынай қарап.
– Жақында келеді, көр де тұр, келесі жиналысқа қатысады, – деді бұл сендіруге тырысып.
– Өтірігің шығып қалмасын, – деп ескертті Әміржан.

«Жетім» деген сөз сай сүйегін сырқаратты. Үйге келгеннен кейін Майлыаяқты құшақтап мұның шақты.

«Майлыаяқ, – деді ол итіне мұның шағып. – Айтшы, басқа балалардың әкесі ылғи қасында жүреді, менің әкем неге қасымда жүрмейді? Ол мені сағынбай ма? Неге ұзақ уақыт жоқ болып кетті?»

Майлыаяқ «түсінем ғой, бірақ амалым не?» дегендей қиысылап, жылаған дауыс шығарып қояды.

Бір жазда әкесі бұны ауылға алып барды. Атасы мен әжесі естері шығып қуанып қалды. Әсіресе әжесі өбектеп қояр емес. «Құлыншағым!» – деп, тәтті-пәттіні аузына тосып әлек. Атасының үлкен бағы бар. Алма-алмұрттар жерде шашылып жатады. Жемістің бұдан басқа да түрі толып жатыр. Самат тойғанынша желді. Ауыл еңбеккерлеріне шөп бөлінген екен. Әркім өзіне тиесілі жердің шөбін орып алмақ. Зейнеткер ретінде атасы да сыбабадан құр қалмапты. Шөп шабуға сақадай сайланған атасы мен әкесі бұны да қастарына қосып алды. Таң бозымен ояңған олар, межелі жерге ерте жетіп, жұмысты бастап кетті. Саматқа да бір кішкентай орақ беріп қойған. Алғашқыда, ұйқысы қанбағанның да әсері бар, қайта-қайта орақтың ұшын жерге шаншип берді. Жерге шаншылған орақты шығара алмай әуре. Бұндайда атасы көмекке келеді. Бірте-бірте шалғының жерге шаншылуы сирексиді. Енді үлкендерден қалыспауға тырысып, маңдайынан шып-шып тер шығып, шалғыны шабыттана сілтеді. Атасы ден риза.

– Менің балам жігіт болып қалыпты ғой! – дейді сүйсініп.

Содан олар күн қызғанша еңбек етті. Күн қызған соң бәрібір жұмысын мандымайды. Бір үлкен талдың көлеңкесін паналап, демалуға көшті. Атасы мосыға шай қайнатып, ыстық шайды рахаттана соратпайды. Саматтың ыстық шай ішкісі келмеді. Айран ішіп көріп еді, шөл қанатын емес. Соны сезген атасы жақын маңайдағы бұлақтан тастай су әкеліп, жартылай айран араластырып берді. Соны сіміріп салған сәтте шөл сап тиылды. Бұл сусынның атын «шалап» дейді екен. Шөл қандыратын шалапқа басқа сусын жетер ме! Солай олар бір апта бойы еңбек етті. Самат көдімгідей шынығып қалды. Бірде олар шөмеде үйіп тым кеш қайтты. Аспанда жұлдыздар да көріне бастаған еді. Өзеннен өтер кезде ат тұра қалып су ішті. Самат төменге көз салып еді, су бетінде жұлдыздар шүпірлеп тұр екен. Қатты қызығып кетті. Арбадан секіріп түсіп, жұлдыздарды ұстауға ұмтылғанын өзі де сезбей қалды. Ал су бетіндегі жұлдыздар қолдан суусып ұстатар емес. Атасы мен әкесі Саматтың аңғалдығына мәз.

– Ол жұлдыздардың суға түскен бейнесі ғой! – дейді атасы күліп.

Самат ауылдың аспанындағы жұлдыздарға көдімгідей ғашық болып қалды. Қалада тым алыста, көмескі көрінуші еді. Ал мұнда тым жақын және баданадай ірі. Көрші балаларымен ойнау қандай қызық еді десейші! Самат олармен бірге суға түседі, кейде тұт жеміз деп алысқа ұзап кетеді. Ауылдың шетінде

жібек құрты үшін егілген тұт бағы бар. Жібек құрты тұт ағашының жапырағын жейді. Ал жемісі балалардың ырзығы. Тұт жемісін бұл онша менсіне қоймаушы еді, сөйтсе онысы бекер екен, уылжып, дәмі тіл үйіреді.

Түнде әкесі екеуі далаға жатады. Екеуі әңгімелесіп, біразға дейін ұйықтамайды. Самат балалармен қандай ойын ойнағанын, қайда барғанын айтады. Әкесі тыңдап жатып ұйықтап кетеді де, бұл жұлдыздарға көз тігіп қараудан жалықпайды. Өбден шаршаған кезде қалай ұйықтап кеткенін де сезбейді. Қандай бақытты күндер еді десейші! Енді қайтып шынымен оралмай ма екен?

Әкесі мен шешесі ажырасқан алғашқы жылдары Саматқа тіпті қиын соқты. Ішкі сырын ешкімге айта алмай іштен тынды. Соны сезді ме екен, ойда жоқта атасы келіпті. Бір апта қасында болды. Күнде таңертең Саматпен бірге мектепке барады. Сол маңайды шыырлап, алысқа кетпей, пісте сататын ақсақ кісімен әңгімелеседі. Алаңдағы балалардың доп қуғанын тамашалайды. Өйтіп-бүйтіп уақыт өткізеді. Самат шыққан кезде тұра қарсы алдынан күтіп алады. Дүкенге апарып жақсы көретін тамағын сатып әпереді. Екеуі күншуақта отырып демдерін басады. Самат атасы әперген тамақты жейді. Атасы кейде жадыраңқы боп еркелете үн қатса, кейде тұнжырап қалың ойға батып кетеді. Өлде денсаулығы сыр бере ме екен? Бәлкім басқа бір жайлар мазалайтын шығар? Өлден уақытта ұйқыдан ояңғандай селк ете түсіп, өз өзіне келіп:

– Тойдың ба? – деп сұрайды.
– Тойдым, – дейді бұл.
– Ендеше үйге қайтайық, – дейді атасы.

Осылай дөңгелеп бір апта өте шыққан. Демалыс күні атасы Саматты әбден қыдыртты. Ара-арасында дамылдаған сәттерінде ақылын айтып қояды.

– Шешенді ренжітпе, қолқабыс ет. Көрмейсің бе, таңертеңнен кешке дейін жұмыста жүреді, – дейді.

– Иә, иә, – деп бас шұлғиды Самат.
– Мен енді ауылға қайтайын Әжең іздеп жатқан шығар, – дейді атасы.

Сөйтіп атасы қоштасып ауылға қайтты. Сабақтан келсе үйдің іші қаңырап бос тұр екен. Жүрегі сыздап кетті. Үнсіз отырып қалды. Бір уақытта мұрнына жағымды, тәтті иіс келді. Бір таныс иіс сияқты. Қайдан шығып тұр? Орнынан тұрып қарап еді, жатын болменің есігінде атасының күртешесі ілулі тұр екен. Ұмытып кеткен бе? Өлде әдейі қалдырды ма екен? Екі-үш атпап басып барды да, күртешені мұрнына басып құшырланып иіскеді. Содан кейін күртешені киімдерінің арасына қосып қойды. Атасы мен әкесін сағынған кездерінде білдірмей алып ұзақ иіскейді. Дүниедегі ең құдіретті иіс осы сияқты сезіледі. Бұл иіске жетер тәтті иіс бар ма екен? Атасының бұл соңғы келуі екен. Көп ұзамай қайтыс болды деген хабар жетті. Одан кейін артынып-тартынып әжесі келіп тұрушы еді, біраздан бері тиылып қалды. Ауырып қалды ма екен? «Бір барып хал-жағдайын біліп қайтқаным жөн-ау» деді ол үлкен кісіше ойлап.

Атасы мен әжесі есіне түсіп көңілі босады. Ішке кіріп, күртешені тауып алып, мұрнына басып: «Әке, Ата, сендер мені қайда тастап кеттіңдер? Менің жетім болғым келмейді!» – деп егіліп жылады. Қанша уақыт жылағанын білмей.

Бір қараса қас қарайып қалған екен. Ол көзінің жасын сүртіп үйге кірді. Еден жуды. Картоп, пияз аршыды. Шешесі келгенде дайын болып тұрсын да. Ол ылғи шаршап жүреді. Самат оның қас-қабағына қарайды, көңіліне кірбін ұяламаса екен дейді. Шешесі көңілденсе, бұл да шаттанып кетеді. Одан басқа мұның кімі бар?

Зымырап отырып келесі жиналыс та келіп қалған. Егер бұл жолы бірнәрсе ойлап таппаса

балалардың табасына қалағыны анық. Ары ойлап, бері ойлап көріші үйдің есігін қакты.

– Оу, қалай батыр? – деп Жақсылық аға оны көңілді қарсы алды.

– Сіздің бір көмегіңіз керек болып тұр, – деді Самат етігінің ұшымен жер шұқып.

– Иә, айта бер, қысылма, – деді Жақсылық аға бұған мейірлене қарап. Оның жылы қабақ танытқанына көңілденген Самат:

– Шешемнің орнына ата-аналар жиналысына қатысаныңыз, – деді қиылып.

Саматтың бұйымтайының жай-жапсарын түсінді-ау деймін, Жақсылық аға ештеңе қазбалап сұрамады.

– Міндетті түрде барамын, уайым жеме, – деді арқасынан қағып.

Ертеңіне айтылған уақытта Жақсылық аға жетіп келді.

– Сіз кім боласыз? – деді мұғалима таңдана қарап.

– Мен Саматтың әкесі боламын, – деді ол сенімді түрде.

– Ендеше төрге шығыңыз, – деді апай.

Жақсылық аға жиналысқа қатысып қана қоймай, белсенділік танытып, тың ойларын ортаға салып, елді аузына қаратты. Ол өткен шақты еске алып, қаршадайынан жұмыс істегенін, сол еңбектің арқасында адам болғанын баса айтты: «Менің баламнан үлгі алындар, ол шешесіне көмектеседі, бос уақыты тіпті жоқ, ұлдың жұмысын да, қыздың жұмысын да істей береді», – деп Саматты жер-көкке сиғызбай мақтады. Мақтаулардың біршамасы рас та еді. Балалардың бәрі мұны жана танығандай таңдана қарады. Мұғалім апай да жылы жымиды. Саматтың төбесі көкке бір елі жетпей қалды. Ең қуаныштысы Сымбат қасына келіп: «Үйге бірге қайтайық», – деп ұсыныс тастады.

Қандай қуанышты күн еді десейші! Айналадағы тал-теректердің бәрі ән салып тұрғандай көрінді Саматқа. Жол бойы сыныптасына жымиып күліп қарай береді. Сымбаттың жүзі де нұр шашып тұр еді.

– Сенің әкең сондай жайдары екен! – деп мақтады ол.

– Иә, ол сондай жақсы адам, – деп қоштады.

– Сондай әкең бар сен бақыттысың! – деді Сымбат.

– Иә, мен бақыттымын, – деп күмілжіді Самат.

Сымбат қаланың басқа шетінде тұрады. Екеуі жол айрығына дейін бірге барды.

Осыдан бір-екі күн өткеннен кейін Жақсылық аға, Саматтың әкесіне жолықты. Болған жайды баяндады. Ұлының сағынып жүргенін айтты. Ол үндемей тыңдады. Айтылған әңгіменің қатты әсер еткенін бір қызарып, бір бозарған жүзінен аңғару қиын емес еді.

Самат енді ата-аналар жиналысы десе аса уайым жей қоймайтын болды. Келесі ата-аналар жиналысының хабары жеткенде арсалаңдап көріші ағаға жетіп барды.

– Тағы да жиналыс па? – деп сұрады ол.

– Иә, жиналыс.

– Міндетті түрде барамын, – деді Жақсылық аға арқасынан қағып.

Сабак соңына қарай ата-аналар түгел жинала бастады. Жақсылық аға көріне қоймады. Сірә, бір жұмыстары болып кешігіп жатқан шығар. Самат оның келетініне толық сенімді еді. Жиналыс орталана бере біреу есік қакты. «Жақсылық аға!» деп ойлады Самат қуанышы қойнына симаы. «Кіріңіз» деп рұқсат берді мұғалима. Бір уақытта құлақшының мығжылап ұстап мұның өз әкесі кіріп келді. «Әке!» деп жан даусы шығып орнынан атып тұрған Самат оны бас салды. Өткен ата-аналар жиналысында оның өтірік айтқанын бәрі де білді. Бірақ ешкім кінәлап жатпады.

С. ӘБДІҒАЛИ

ТУА БІТКЕН АҚАУЛАРДЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ОТАЛАР МӘМС АЯСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Қызылорда облыстық балалар ауруханасында төрт айлық балаға зар шығару жолдарының туа біткен ақауларын жою бойынша күрделі ота сәтті жасалды.



Диаска (аты өзгертілген) ана құрсағында болғанда обструктивті уретерогидронефроз және уретероцеле диагнозы қойылған. Бұл жағдайда несепағар кеңейіп, киста пайда болады, зәрдің ағуын бұзады. Уақтылы ем көрсетілмесе, асқынға әкелуі мүмкін. Сәбиге уретростомостомия жасалды. Бұл ота кезінде қуықта жасанды несепағар санғылауы жасалып, зәрдің ағымы қалпына келтіріледі.

– Ұлыма 4 ай. Бір жарым сағатқа созылған ота сәтті өтті. Балалар ауруханасының хирургтарына және барлық медициналық қызметкерлерге кәсіби шеберліктері мен жанаширлықтары үшін шын жүректен алғыс айтамын. 18 жасқа дейінгі балалар МӘМС жүйесінде сактандырылған, сондықтан жүрек УДЗ, урография, цистография және

басқа да қымбат тексерулерден тегін өттік. Ауруханада қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілдік, – дейді анасы Айгерім Ерланқызы.

Дәрігерлердің айтуынша, балаларға жоғары технологиялық медициналық көмектің барлық түрлері қолжетімді. Биыл Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры Қызылорда облыстық балалар ауруханасына шамамен 5 млрд теңге бөлді.

–Бұрын мұндай оталар тек республикалық медициналық ұйымдарда жүргізілді. Қазір біз оларды өзіміздің ауруханада эндовидеохирургиялық жабдықтарды қолданып жасаймыз. Бұл ішкі ағзаларға шағын тіліктер арқылы жасалатын аз инвазиялық оталар, – деп атап өтті облыстық балалар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Әлімжан Төлегенов.

Сөз иесін табады

Бір күні бір адам Омар Хайямды жұрт көзінше:

– Сен дінсізсің! Сен араққұмарсың! Сен тіпті ұрысың! – деп балағаттапты. Оған жауап ретінде Омар Хайям жай ғана күлімдеп қоя салыпты. Осыны көрген бір бай, әдемі киініп алған адам:

– Сен қалайша бұлай айтуына жол бересің?! Сенің намысың келмей ме? – деп таңдана сұрапты. Омар күліп:

– Жүр менімен, – депті. Бай оған ілесіпті.

Омар сарайына кіріп, ескі сандықты ақтарып, одан дымға

жарамсыз жыртқық халатты тауыпты. Оны әлгі байға лақтырып:

– Мынаны өзіне өлшеп көрші, саған шак болуы керек, – депті.

– Мұнын маған не керегі бар? Менің киімім қымбат, әдемі

екенін өзің көріп тұрған жоқсың ба?– деп халатты Омарға қайтара лақтырыпты.

– Көрдің бе, сен жыртқық, ескі халатты өзіңе сай көрмедің. Сол сияқты мен де маған айтылған балағат сөздерді өзіме сай көрмедім. Сені балағаттаған адамға ренжігенің – оның сөздерінің шындық екеніне келіскенің! – деп жауап беріпті Омар...

Өзін сүзгіден өткіз!

Ел таныған ғұламаға бір кісі келіп: – «Сіз туралы шәкіртіңіздің бірі не деп жүргенін білесіз бе?» – дейді.

Сонда ғұлама: «Біреудің айтқан сөзін жеткізбес бұрын, оны үш түрлі сүзгіден өткізіп алғанын жөн. Алғашқысы – шындық. Соған салар болсақ, айтпақ сөзіңнің рас екеніне көзің толық жете ме» дейді.

Әлгі кісі: «Шынымды айтсам, өз аузынан естімедім» дейді.

– Онда екінші сүзгіден өткізейік. Ол «саяқсы сөз» деп аталады.

Айтатын хабарың жақсы сөз бе еді? – деп сұрайды. Ол кісі: «Жоқ, керісінше болатын» – дейді күмілжіп.

– Онда үшінші сүзгіден өткізіп көрейік. Мүмкін бұл сынақтан өтерсің! Ол пайдалы өнім» деп аталады. Ал енді мына хабарынның маған қандай пайдасы бар? – деп сұрайды. Әлгі кісі қатты қысылып: «Пайда бермейтін әңгіме еді» дейді жерге қараған күйі.

Сонда ғұлама: «Өзі сенімісіз әрі жағымсыз әңгіме болса әрі маған түк пайда келтірмесе, оны маған қандай жақсылық ойлап жеткізгің келді?!» деген екен. Бұл бәрімізге керек сүзгі екен!

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибах ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Саяси менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғр, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №119**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**